

Ақжар ауылындағы көше атауларын өзгерту туралы

Алматы облысы Алакөл ауданы Ақжар ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 11 мамырдағы N 7 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Алакөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 02 маусымда N 2-5-89 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармағына сәйкес және аудандық қоғамдық ономастика комиссиясының келісімі негізінде, сондай-ақ тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Ақжар ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ақжар ауылындағы "Молодежная" көшесі Жастар, "Школьная" көшесі Шәмші Қалдаяқов, "Октябрь" көшесі Қайрат Ноғайбайұлы Рысқұлбеков, "Береговая" көшесі Оралхан Бөкей көшесі, "Заречная" көшесі Ләззат Алтынайқызы Асанова көшесі атауларына өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау жасау және іс жүзіне асыру жұмыстарын жүргізу Ақжар ауылдық округ әкімі аппаратының заңгер немесе бухгалтер-экономист бас маманы Дабыл Тұрысбековаға жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А қ ж а р а у ы л д ы қ

округ әкімі:

И. Гуторов